

«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
Алматы энергетика және байланыс  
университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының ректоры

С.С. Сагинтаева

2021 ж.



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖОЛ ЖҰРУ ҮШІН  
ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1-БАСЫЛЫМ**

**Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді**

Алматы 2021 ж.

## Мазмұны

|  |   |
|--|---|
| Құжат төлқұжаты .....                          | 3 |
| Келісу парағы .....                            | 5 |
| 1. Жалпы ережелер .....                        | 5 |
| 2. Өтемақы тағайындау және төлеу тәртібі ..... | 6 |
| 3. Қорытынды ережелер .....                    | 7 |


*Танысу парағы*


| <b>Құжат төлқұжаты</b>        |   |
|-------------------------------|---|
| <b>Құжат түрі</b>             | Ереже   |
| <b>Құжат атауы</b>            | Білім алушыларға жол жүру үшін өтемақы төлеу қағидалары   |
| <b>Құжат мақсаты</b>          | Білім алушылардың жол жүруіне өтемақы төлеу   |
| <b>Әзірлеген</b>              | Академиялық қызмет жөніндегі проректор<br>Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы   |
| <b>Келісілген</b>             | Қаржы директоры<br>Заң кеңесшісі<br>Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы  |
| <b>Бекіткен</b>               | Ректор  |
| <b>Құжат орындаушылары</b>    | Қаржы және есеп департаментінің жұмыскерлері,<br>институттар  |
| <b>Орындалуын бақылаушы</b>   | Ректор  |
| <b>Құжатқа қосымшалар</b>     | Жоқ   |
| <b>Ерекшелігі</b>             | Жоқ   |
| <b>Нормативтік сілтемелер</b> | «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы<br>«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы<br>«Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі №736 қаулысы<br>«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығы |
| <b>Түпнұсқа иесі</b>          | Талдау және даму стратегиясы департаменті   |

### Келісу парағы


Ереже келісілді:


Қаржы директоры  
Г.С. Рахметова   
« 01 » сентября 2021 ж.

Заң кеңесшісі  
Ж.М. Чокин   
« 01 » сентября 2021 ж.

Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы  
Ш.Р. Абдибекова   
« 01 » сентября 2021 ж.

Әзірлеген:

Академиялық қызмет жөніндегі проректор  
С.В. Коньшин   
« 01 » сентября 2021 ж.

Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы  
Н.В. Елашкина   
« 01 » сентября 2021 ж.

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Университет) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникул кезеңінде жол жүргені үшін өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 47-бабы 13-тармағына және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығына сәйкес әзірленді және студенттердің жол жүруіне өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**Білім алушылар** – студенттер, магистранттар, колледж оқушылары;

**Жол жүруге өтемақы** – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) жол жүру құнының бір бөлігін өтеу үшін ақшалай төлем;

**Өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар** – республикалық бюджет есебінен жоғары білімі бар және республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдары.

1.3 Жол жүруге арналған өтемақы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленеді.

1.4 Қазақстан Республикасының Бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орындайтын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жыл сайын республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға білім алушылардың жол жүруіне ақшалай өтемақы төлеуге қаражатқа қажеттілік есептерін ұсынады.

1.5 Жол жүру өтемақысы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың келесі санаттарына төленеді:

– орта кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу нысанының оқушыларына жылына екі рет, қысқы және жазғы каникул кезеңінде, тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 2 еселенген мөлшерінде;

– жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникул кезінде 4 еселік АЕК мөлшерінде;

– жоғары оқу орындарының түлектеріне – жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

1.6 Білім алушыларға жол жүру өтемақысын өтемақы төлеу жөніндегі ұйым жыл сайын ақпан және маусым айларында білім алушылардың карт-шоттарына қаражат аудару немесе қолма-қол төлемдер арқылы жүргізеді.

1.7 Қазақстан Республикасының Бюджет заңнамасына сәйкес қаржы жылы аяқталғаннан кейін өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне белгіленген тәртіппен жол жүруге өтемақы төлеу жөніндегі бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы есеп береді.

## 2. Өтемақы тағайындау және төлеу тәртібі

2.1 «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының 6-бабының 5) тармақшасын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі №736 «Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы» қаулысына сәйкес Ректор бұйрығының негізінде бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға өтемақы есептеледі.

Жол жүру шығындарының өтемақысын алу мақсатында білім алушылар (бұдан әрі – өтініш беруші, алушы) Университетке келгеннен кейін **үш жұмыс күні ішінде** тиісті институтқа/колледжге оқу орнына және/немесе тұрғылықты жеріне жол жүру (басқа қаладан келген білім алушыларға) шығындарының өтемақысын төлеу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) ұсынуға міндетті, оған келесі құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- түбіртектер, банктік үзінділер немесе жол жүру бойынша нақты шығыстарды растайтын басқа да құжаттар;

*жол жүру құжаттары:*

- фискалдық чекті міндетті түрде қоса бере отырып, межелі жерге бару және кері қайту жолына билеттер (такси қызметтері төленбейді);
- электронды билетті ұсынған жағдайда міндетті түрде билеттің, отырғызу билеттерінің құнын төлегенін растайтын құжатты (қалааралық автобуста) қосымша беру қажет;
- билетті қайтару/айырбастау айыппұлын төлегенін растайтын құжаттар (жол жүрудің тоқталуы немесе ауыстырған кезде, науқастану, басқа да форс-мажорлық мән-жайлар);
- көлік құралы уақтылы келмеген немесе жөнелтілмеген жағдайда іссапарға жіберілген адам тасымалдаушы берген көлік құралының кешігіп қалғаны туралы куәландыратын құжатты ұсынады.

Қорытындылар бойынша, жол жүру шығыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске

асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен көзделген нормаларға сәйкес өтеледі.

2.2 Бітіруші курстардың студенттеріне шығарылған күні (оқуды аяқтау) каникул (жазғы) кезеңімен сәйкес келген жағдайда өтемақы төленбейді.

2.3 Күндізгі бөлімде оқитын студенттерге өтемақы төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

- оқудан шығару (шеттету) себептеріне қарамастан, білім алушы Университеттен шығарылған (шығарылған) жағдайда;
- білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- оқуды аяқтағаннан кейін, бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

2.4 Студенттерге өтемақы төлеуді тоқтату білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрық шығаруы арқылы жүзеге асырылады.

2.5 Қаржы жылы аяқталғаннан кейін Университеттің өтемақы төлеу жөніндегі жұмыскерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – ҚР БҒМ), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ДСМ), облыстық, қалалық білім, денсаулық сақтау департаменттеріне (басқармаларына) белгіленген тәртіппен жол жүруге өтемақы төлеу бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы есеп береді.

### 3. Қорытынды ережелер

3.1 Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Ректор Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен енгізе алады.

3.2 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және/немесе Университеттің басқа да ішкі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

